Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№17 (873) Сәрсенбі 24 сәуір 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

Баспана салу мәселелері талқыланды

Үкімет отырысының күн тәртібінде тұрғын үй құрылысын дамыту және проблемалық жобаларды аяқтау мәселесі қаралды. Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар тапсырма берді.

«Күн тәртібіндегі екінші мәселе тұрғын үй құрылысын дамыту және проблемалық жобаларды аяқтау туралы болды. Осы жылы бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд. теңгеге 1269 пәтерлік 67 тұрғын үй салынады. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін 296 жаңа пәтер сатып алуға республикалық бюджеттен 3,8 млрд. теңге қаржы бөлінген.

Жақында Үкімет 2024 жылы экономикалық өсімді қамтамасыз етудің бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарын бекітті. Онда құрылыстың нақты көлемінің индексін 2023 жылға қарағанда кемінде 110 пайыз деңгейінде қамтамсыз ету үшін тұрғын үй құрылысы көлемін 2,5 млн. шаршы метрден 18 млн. шаршы метрге дейін ұлғайту шаралары қабылданған. Аталған мәселе бойынша 26 наурыздағы мәжілісте кезек күттірмейтін бірқатар тапсырма берілді», – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, бүгінгі күнге қала және аудандарда 1 816 пәтер салынуы жоспарланып, оның 1 316-ның құрылысы басталған. Барлық ауданда мердігерлер анықталған. Нұрлыбек Машбекұлы қала және аудан әкімдеріне сатып алынуы жоспарланған тұрғын үйлердің жерін рәсімдеуді, инженерлік инфрақұрылыммен қамтуды және оларды сатып алу конкурстарын ұйымдастыруды бүгіннен бастау керектігін ескертті. Құрылыс жұмыстарының мерзімінде әрі сапалы жүргізілуі қатаң бақылауға алынуы тиіс. Үкімет қаулысында Еуропалық даму банкінің 300 млрд. теңге нарықтық қаражатын тартып, «Отбасы банкі» арқылы жаңа ипотекалық бағдарламаны 2024 жылдың мамырында іске қосу тапсырылған.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЕГІН АЛҚАБЫНА ДӘН СЕБІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, биылғы алғашқы дән себу рәсіміне қатысты. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ерәлиев, Имамзада Шағыртаев келді.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласының ардагерлерімен бірге егіс алқабына дән сеуіп, ел қамбасының астыққа толуына, шаруа еңбегінің нәтижелі болуына тілектестік білдірді. Әрі қарай ауыл шаруашылығы техникаларының, тыңайтқыштар мен су үнемдеу технологияларының көрмесімен танысты.

Дән себу рәсімі Н. Ілиясов ауылының егіс алқабында өткен «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты. Айта кетейік, биыл өңірде 187,5 мың гектарға егін, оның ішінде 78,3 мың гектарға күріш егу жоспарлануда. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 5,8 мың гектарға, ал күріш көлемі 10,8 мың гектарға тұрақтандырылып, суды аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдар мен картоп, көкөніс көлемін арттыру көзделуде.

Аймақта көктемгі дала жұмыстары агротехникалық талаптарға сай мерзімінде жүргізілуде. Қазір 32,2 мың гектар жерге ерте егілетін дақылдар орналастырылды. Кей шаруашылықтар күріш егу мен суға бастыруға 15 сәуірден ішінара кіріскен, бүгін науқан жаппай басталды.

Қажетті тұқымы қоры толық, 63,6 мың тонна тыңайтқыштың 59,7 мың тоннасы әкелінген, қалғаны қажеттілікке сәйкес алынуда.

Сондай-ақ, 3 799 ауыл шаруашылығы техникасы толығымен жөндеуден өткізіліп, егін егуге қатысуда. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін облысқа Үкімет тарапынан арзандатылған бағамен 12,9 мың тонна дизель отыны бөлінді. Шаруашылықтарға егін егуге 26,7 млрд. теңге керек болса, бүгінгі күнге 25,6 млрд. теңгесі қаржыландырылды.

Қазалы ауданының өзекті мәселелері талқыланды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қазалы ауданының өзекті мәселелері талқыланып, алдағы міндеттер айқындалды. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, құрылыс нысандары туралы баяндады.Биыл ауданда бюджет қаражаты есебінен 12 нысан салынуда. Оның ішінде, өткен жылы басталған 4 нысан құрылысы жалғасты, биыл 8 жаңа нысанның іргетасы қаланбақ. Нәтижесінде ауданда 3 спорт кешені, 1 ауылдық клуб, баспанаға мұқтаж тұрғындарға жаңа пәтерлер салынып, инфрақұрылым желілері жүргізілмек.

Тұрғындарды толғандырған мәселе – аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16- шақырымындағы «Қарлан» учаскесінен Сырдария өзені арқылы көпір құрылысы. Аймақ басшысы тиісті басқарма басшысы мен аудан әкіміне аталған құрылысты жаңғыртуды және талапқа сай етіп аяқтауды тапсырды.

Мұнан бөлек, биыл аудандық маңызы бар «Әйтеке би-Қазалы» 7,1 шақырым автомобиль жолын қайта жаңғырту жоспарлануда. Жобада жолды жөндеу, жарық бағаналары мен автобус аялдамаларын орнату, 2 көпір және 2 су өткізу құбырын қайта жаңғырту қарастырылған. Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын әрі кестеге сәйкестігін қатаң қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ, биылғы «Руханият жылында» барлық ауданда салынатын «Руханият» орталықтарының құрылысына ерекше назар аудару қажет.

Еске салсақ, қазіргі уақытта барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйінің басын біріктіретін, құны 11 млрд. 500 млн. теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынуда. Бұл орталықтарға көпшілік жиналып, бос уақытын өткізеді, тәжірибе алмасады. Айта кетейік, биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Қазалы ауданы Жанқожа батыр ауылындағы 300 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының ортасындағы 600 орындық мектеп құрылысы басталады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЗАҚСТАНДА ТІКТОК-ТЫ БҰҒАТТАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАСТЫРЫП ЖАТЫРМЫЗ – АҚПАРАТ МИНИСТРІ

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстанда TikTok әлеуметтік платформасын бұғаттау мәселесі талқыланып жатқанын мәлімдеді.

Мәжіліс алаңында министрге «Елімізде қандай әлеуметтік желілер бұғатталуы мүмкін?» деген сұрақ қойылды.

«Мұның барлығы заңсыздық пен құқықбұзушылықтың қаншалықты шектен шығып, етек алуына байланысты. Атап айтқанда, TikTok. Министр ретінде айтарым, менің ойымша әлеуметтік желіні бұғаттау мәселесін қарастыру керек. Балалар да, біз де қандай балағат сөздердің айтылып жатқанын көріп отырмыз. Тіпті көріпкелдер бал ашып отырады», – деп жауап берді Аида Балаева.

Биліктегілер балаларды қорғау үшін әлеуметтік желіге бірқатар шектеу енгізуі мүмкін. Алайда басқалар мұны бостандықты шектеу деп қарастырады.

«Біз барлық мәселені жан-жақты қарастыруымыз керек. Кез келген мемлекеттік орган қандай да бір дерекке сілтеме жасай отырып, шешім қабылдамайды. Жан-жақты қарастырады, зерделейді, сосын бірқатар шаралар қолданады. Қолданатын шаралар бәріне бірдей ұнай бермейді. Дегенмен біздің міндетіміз – тұрақтылық пен бірлікті сақтау», –дейді министр.

Қалалық білім бөлімінде жаңа басшы

Қызылорда облысы әкімі аппаратының бірыңғай конкурс комиссиясының 2024 жылғы 18 сәуірде өткізілген жалпы конкурс қорытынды отырысының шешімі бойынша Қызылорда қаласы білім бөлімінің басшысы қызметіне Жаннат Сәдуақасованың кандидатурасы қабылданды.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 777 752 5463; 8 705 982 7661.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ НЕЙРОХИРУРГТАР ОМЫРТҚАДАҒЫ ІСІКТІ АЛЫП ТАСТАДЫ

Қызылорда қаласындағы көпсалалы облыстық ауруханаының нейрохирургиялық бөлімшесінде жыл сайын мыңға жуық пациент емделуде, оның алты жүзіне ота жасалады. Ең күрделілерінің бірі – ми мен жұлындағы ісіктерді жою.

76 жастағы Қыпшақбай Қалмахановты дәрігірлер аяғына тұрғызды. Науқас шұғыл түрде ауруханаға жатқызылды. Аяғы жүрмей, қуықтың қызметі бұзылды. МРТ және КТ зерттеу кезінде бел омыртқасында экстрадуральды ісігі анықталды. Пациентке ота жасалды. Ісік қатерсіз. Енді ақсақал өз аяғымен жүріп жүр.

«Тәжірибелі дәрігерлер кәзір жоқ, болса да, таныс арқылы ота жасайды, деп жиі естиміз. Бірақ олай емес екен. Осы күнге дейін хирург Шыңжырбай Оразмаханұлы туралы білмедім. Оған және оның жұмыс тобына кәсібилігі үшін мың алғыс! Мұндай күрделі ота маған тегін жасалды. Осындай мықты дәрігерлерлеріміз көп болсын және МӘМС жүйесі өркендесін», - дейді Қыпшақбай Қалмаханов.

Жыл сайын облыстың нейрохирургтары ми мен жұлынға 150-ге жуық ота жасайды. Дәрігерлер еліміздің жетекші нейрохирургтарының, шетелдік мамандардың шеберлік сыныптары барысында кәсіби дағдыларын жетілдіреді. Бөлімше жаңа жабдықтармен, құралдармен толықтырылады. Дәрігерлер атап өткендей, мұның барлығы денсаулық сақтау саласының дамытудың және МӘМС жүйесіндегі қаржыландырудың арқасында.

«Біз мұндай оталарды әлі жасамаған кезде пациенттеріміз шетелдік мамандарға жүгінуге мәжбүр болды. Мысалы, Израильде омыртқаға ота 25-50 мың доллар тұрады. Қазақстанда - 2,5 млн. теңге. МӘМС аясында сақтандырылған пациенттерге осындай оталарды, диагностикалық тексерулерді тегін жүргіземіз», - деп атап өтті жоғары санаттағы дәрігер, ҚР Денсаулық сақтау үздігі, нейрохирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі Шынжырбай Оразмаханұлы.

Биыл аймақта нейрохирургиялық оталарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 178 млн теңге бөлінді.

«Ел тілегі» ақпарат

№17 (873) Сәрсенбі 24 сәуір 2024 жыл
e-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

БАЙМҰРАТ БАТЫР АУЫЛЫНДА ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылындағы ауысымына 25 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне қатысты. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтап, денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп, халыққа арнаған Жолдауында «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деген еді. Өздеріңіз білесіздер, көпбейінді облыстық аурухана базасындағы магнитті-резонанстық томография, яғни МРТ аппараты бұзылып, 2016 жылдан бері осы құрал-жабдық болмады. Біз бұл мәселенің шешімін табу үшін бюджеттен қаржы бөліп, биыл 646 млн теңгеге аталған аппаратты алдық. Облыстық перинаталдық орталықтың жүктемесін азайту, жас аналардың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру үшін 1 млрд теңгеге 70 орындық перинаталдық бөлім жасақталды. Бұл – халық денсаулығын жақсарту бағытындағы жұмыстардың бір бөлігі ғана», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада Денсаулық сақтау ісінің үздігі Тұрғанбай Маханов жерлестерін құттықтап, игі тілегін білдірді. Сондай-ақ, мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды. Айта кетейік, амбулатория құрылысын «Бақ-Береке – 2030» ЖШС салды. Құрылыс өткен жылдың шілде айында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде басталған. Амбулаторияда 9 қызметкер, яғни, 1 дәрігер, 5 орта буын және 1 кіші буын медициналық қызметкер, 2 техникалық қызметкер бар. Дәл осы бағдарламамен өткен жылдың қыркүйек айында Қызылорда қаласы Досан елді мекеніндегі медициналық бекет іске қосылды. Өңірдің медицина саласында жаңа, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында құны 11 млрд теңгені құрайтын 27 нысан салынуда. Өткен жылы елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Биыл қалған 11 нысан және 1 ауылдық аурухана, Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған ауданаралық көпбейінді ауруханалары жанынан қосымша құрылыстар салынады.

Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емхана және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын Қан орталығы Медицина қызметкерлері күні қарсаңында пайдалануға беріледі. 2022 жылы облыстық медициналық жедел жәрдем стансасына 45 жедел жәрдем көлігі алынып, 100 пайыз автокөлікпен қамтамасыз етілді. Өткен жылы денсаулық сақтау ұйымдарына 512,5 млн теңгеге 25 жаңа санитарлық автокөлік табысталды. Облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес биыл барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік алынады.

Өткен жылы 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылды. Бұл жұмыстарға 3 млрд 700 млн теңге қаралды. Жақын күндері Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы жұмысын бастайды. Медицина саласын дамытуға бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры соңғы екі жылда Сыр өңірінің әлеуметтік саласына 4 млрд теңгеге жуық қаржы бөліп, оның 2 млрд теңгесі денсаулық сақтау саласына бағытталды. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, қымбат дәрі-дәрмек, 1 млрд 100 млн теңгенің онкологиялық скринин жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешені алынды. Мұндай жылжымалы кешен еліміздегі 3 облыста ғана бар. Бүгінде аталған кешен аудандар мен шалғай елді мекен тұрғындарын медициналық тексеруден өткізуде.

Биыл қызылордалық дәрігерлер шет мемлекеттердің озық клиникаларында біліктілігін арттыруға мүмкіндік алды. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 80 млн. теңге бөлінді.

Қазір 10 реаниматолог және 5 кардиолог маман Қазақстанның Түркиядағы бас консулының қолдауымен сол елдегі жетекші медициналық ұйым саналатын «Мемориал» клиникасында тегін біліктілігін арттыруда.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ ЕСЕП БЕРДІ

«AMANAT» партиясының қалалық филиалына қарасты «Шаңырақ», «Жарық», «Дарын», «Атамекен», «Айқын», «Қызылорда темір жолы» бастауыш партия ұйымының төрағалары 2023 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есеп берді.

Бүгінде бастауыш партия ұйымдары жарнапұл жинағы, партиялық жобалардың іске асуы, ақпараттық қолдау, Жол картасының іске асуы бойынша белсенділік танытып, жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

Жиын барысында партияның қалалық филиалының Төрағасы Ибадулла Дүйсенбайұлы бастауыш партия ұйымдарының төрағалары жергілікті тұрғындардың өтініштерін орындауға атсалысып, партияның қалалық филиалымен үнемі байланыста отыру керектігін жеткізді. Сонымен қатар, алдағы жоспарға сәйкес жұмыстардың атқарылуына сәйкес тиісті тапсырмалар берді.

Өткен жыл бастауыш партия ұйымдары үшін толайым табысқа толы, үлкен іс шаралардың іске асқан жылы болды. Себебі, партиялық жобалардың ауқымы кеңейіп, «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобалары бойынша бастауыш ұйым өкілдеріне жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мәселен, «Ауыл аманаты» жобасы аясында партияның қалалық филиалының кент пен ауылдық округтерден құралған бастауыш ұйымдарында ашық есік күндері өтті. Өткен жылы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Үкіметпен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасының аясын арттыруды тапсырғандықтан, 2023 жылдың соңғы тоқсанында бастауыш партия ұйымдарында аталған жоба бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бүгінде партияның қалалық филиалына қарасты бастауыш ұйымдары партиялық жарна қаражатынан шотқа кері қайтарылатын 20% қаржыға партиялық жобалар аясында шаралар өткізуде.

Бұл игі іс шаралар партия мүшелерін қоғамдық жұмысқа белсенді қатыстырып, жобалар бойынша шаралар ауқымын кеңейту бағытында атқарылуда.

«Өркениетке кітаппен» шарасы өтті

Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және автор құқығын қорғау күніне орай «BOOK КРУИЗ» жобасы аясында «Өркениетке кітаппен» атты әдеби автобус мәдени іс-шарасын өткізді. Дәйекті сөздермен, шарлармен әсем безендірілген №11 бағыттағы автобус жолаушылары кітап туралы өлең-жырлармен сусындап қана қоймай қосыла жырлады.

Рухани байлығымыздың қайнар бұлағы кітапты ұлықтау мақсатындағы шара орталықтандырылған қалалық кітапханалар жүйесі жайлы ақпарат беруден, кітаптар мерекесінің маңыздылығы туралы айтудан басталып, кітапхана туралы буклеттер, кітапхананың мекен жайы, сайттары жазылған жарнамалық парақшалар автобус жолаушыларына таратылды.

Балаларға бақытты балалық шақ сыйлау – баршамыздың міндетіміз. Бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта ол көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады. Мәдени іс-шарамызды кітапханамыздың белсенді оқырмандары Жамбыл атындағы №120 орта мектептің 4 сынып оқушылары қазақ ақын-жазушыларының кітап туралы өлеңдерін мәнерімен жатқа оқып, жолаушылардың алғысына бөленді.

Шараны әрі қарай Қызылжарма мәдениет үйінің талантты өнерпаздары Алашбаев Төлеген мен Ділдебаев Тұрлыбек әуезді әндерін орындап, жолаушылардың ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар салтанатты шара барысында жолаушылармен викториналық ойын жүргізіліп, қызықты сұрақтар қойылды. Тапқыр да, білімді қала тұрғындары рухани байлық қасиетті қазына кітап туралы сұрақтарға нақты жауап беріп, сый-сияпатқа ие болды.

БІРҚАТАР ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Биыл Тасбөгет кентінде атқарылып жатқан негізгі жобалардың бірі - жаяу жүргіншілер жолының құрылысы. Биыл тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшеге (Ш. Есенов, Ғ. Мұратбаев, З. Шүкіров, Ә. Сапарбаев, О. Сейтпенбетов, Ә. Оразбаев) жаяу жүргіншілер жолы салынуда.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі келесі жобалардың бірі - кенттегі Ғ. Мұратбаев, Қ. Исмайлов-1 және Қ. Исмайлов-2 көшелерінде түнгі жарық бағаналары іске қосылды. Жарықтандыру жұмыстары Н. Өткелбаев, Ә. Жангелдин, А. Жанкин, Ж. Әбілқасымов, С. Сейфуллин көшесінің бас жақ бөлігі және З. Мәмбетов көшелерінде жалғасатын болады. Сонымен қатар, тұрғындардың сұранысы негізінде Тасбөгет кентіндегі Ғ. Мұратбаев, Қ. Баймағанбетов және Ә. Молдағұлова көшелеріне жаңадан 6 дана аялдама орнатылуда. Мұнан бөлек, алдағы уақытта кент көшелеріне тағы 3 дана аялдама орнату жоспарланған.

Кент аумағын көркейту және көгалдандыру бағытындағы жұмыстар да жоспарлы түрде жүзеге асуда. Сәуір айының басында кенттің кіреберісі саналатын Амангелді көшесі бойынан арық қазылып, ағаштар отырғызылған. Аталған аумаққа 2 дана аяқсу насосы орнатылып, ағаштарды күтіп, баптау жұмыстарына жерасты суы пайдаланылуда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта тиісті мердігер мекемемен Тасбөгет кенті бойынша ауыз су құдықтарының фасонды бөлшектері мен ысырмаларына жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ОҢ СЕРПІН БАР

Ұлттық статистика бюросының облыстық статистика департаменті мәліметтеріне сүйенсек, Қызылорда қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айына өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 636 347 миллион теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 92,1 процентті құраған.

Оның ішінде мұнай ұңғымаларының сулануы салдарынан шикі мұнай өндіру көлемі жыл басынан бері 448,6 мың тоннаға немесе 11,9 процентке төмендеген. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 12 айында – 3769,6 мың теңгені құраса, өткен жылдың 12 айында – 3321 мың теңге болған екен. Сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіп саласында 99 648 миллион теңгеге өнімі өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 106 процентті құраған.

Оның ішінде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруі 4,5 процентке өзге де металл емес минералды өнімдерді өндіруі 30,3 процентке, машина жасау 15,6 процентке, машиналар мен жабдықтарды жөндеу мен орнату есебінен 31,5 процентке ұлғайған. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімінің көлемі 15 861,7 миллион теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 103,3 процентті құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 232 902 миллион теңге болып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 108,7 процентті құрады.

Ал оның облыстағы үлесі 47,9 процентті құрайды. Бұдан бөлек құрылыс жұмыстарының көлемі 96 054 миллион теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 124,8 процентті құрады. Ал облыстағы үлесі 52,4 процентті құрайды. Құрылыс саласында пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 450 735 шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 110,6 процентті құраған.

Қала бюджетінің 2024 жылдың 1 қаңтарына кірістер болжамы (трансферттер мен зайымдарды қоса есептегенде) 95 161,4 миллион теңгені құрап, 101 762,8 миллион теңгеге немесе 106,9 процентке орындалған. Оның ішінде өз кірістері болжанған 23 430,2 миллион теңгенің орнына 29 458,2 миллион теңгеге немесе 125,7 процентке орындалған.

Қала бюджетінің шығыстар жоспары 95 161,4 миллион теңге болса, ол 93 718,5 миллион теңгеге жетіп немесе 98,5 процентті құраған. Шағын кәсіпкерлік саласында қала бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 34 764 бірлікті құрайды. Оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 32 375 кәсіпкерлік нысан болса, бұл көрсеткіш өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне 100 процентті құраған.

Бұдан бөлек «Өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың бірыңғай индустрияландыру» картасы аясында Қызылорда қаласы бойынша жалпы құны 68,4 миллиард теңгені құрайтын 13 жоба яғни, 834 жұмыс орны жүзеге асырылуда, оның бүгінгі күнге 5 жобасы іске қосылып, жұмыс жасауда.

Биылғы жылдың 1 қаңтарына жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны 3 325 адамға жеткен. Ал тіркелген жұмыссыздық деңгейі 2,2 процентті құраған.

Жыл басынан жаңа жұмыс орындарымен қамтылған азаматтар саны 16 954 адам болса, оның ішінде тұрақты жұмыспен қамтылғаны 5 478 адам. Ал «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасы» аясында жыл басынан бері 3194 адам қоғамдық жұмысқа, 189 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілсе, жастар тәжірибесіне 1 330 жас маман жолданған. Қала бойынша өткен жылғы III тоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 325 122 теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен 122,0 процентке көбейген.

ОРМАНДАРДА АШЫҚ ОТТЫ ПАЙДАЛАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 20.03.2024 жылғы №27-4/61-НҚ бұйрығымен, 2024 жылдың 20 наурызынан бастап өрт аса қауіпті мерзімібасталған. Көктем мезгілі басталған сәттен бастап, шаруа қожалықтарындағы дихандар өткен жылдан қалған шөп-шаламды,басқада табиғи қалдықтары бір жерге жиып өртеп жібереді. Бірақ оттың толық жанып өшуін көбісі қадағаламауы салдарынан, мұнан өзге орман ішінде мал іздеген адамдар немесе аңшылар жаққан оттардан қашқан ұшқынның соңы өртке ұласатынын байқапта жүрміз.

Нақтыласақ, 2024 жылдың 13 сәуір күні мемлекеттік орман қорының жерінің

45 оралымында, аудан тұрғыны өзінің жеке малын іздестіру барысында, орман қоры жерінде ашық отты пайдалануы салдарынан 4 га жерге табиғи өртке ұласып кеткен. Аталған дерек бойынша орман қызметкерлерімен жауапты тұлғаға қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, жауапты тұлғаға 46 150теңге көлемінде айыппұл, табиғатқа келтірілген залалы 77 532 салынған. Сонымен қатар, осы секілді әрекеттердің негізінен, яғни орман қоры жерлерінде 2019 жылы 15 наурызда ашық отты пайдаланып, толығымен сөндірмеу салдарынан 2 орман өрті орын алып, табиғатқа 155 036 теңге көлемінде шығын келтірілген.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.10.2015 жылғы № 18-02/942 санды бұйрығына сәйкес, өрт аса қауіпті кезендерде,өрт қауіпі бар орманды жерлерге жақын орналасқан ауыл тұрғындары мал жаюға, мал іздеуге немесе балық аулауға, табиғатқа демалуға шыққанда өрт қауіпсіздік талаптары мен санитарлық қағидаларын қатаң түрде сақтау қажеттігі көрсетілген (шылым тұқылдарын өшірмей тастауға немесе ашық оттыпайдалануға тиым салынады).

Жоғарыдағылардың негізінде, табиғатты қорғау баршамызға ортақ міндет екендігін жеткізе отырып, орман және дала өрттерін болдырмауға үлестеріңізді қосуға шақырамыз.

«Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі»Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы

Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде мемлекет ұстанған берік саясаттың арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде мемлекет-тік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды.

Қазіргі таңда заман талабына сай аталмыш жүйені жетілдіру мақсатында мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. Сәйкесінше мемлекеттік қызметтер көрсету саласының сапасын арттыру – елді мекен тұрғындарының өмір сүру деңгейінің көтерілуіне септігін тигізері сөзсіз.

Қызылорда қаласының «Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жыл басынан бері барлығы 120 қызмет көрсетілді. Мекемеде төмендегідей 6 мемлекеттік қызмет түрі жүзеге асырылады:

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
2. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;
3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
4. Елді мекендер шегінде обьекті салу үшін жер учаскелерін беру;
5. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату.
6. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау.

Осы көрсетілетін қызметтердің түрін алу үшін стандартқа сәйкес құжаттар қажет етіледі. Қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттық стенд орналастырылған және онда көрсетілетін қызмет түрлері мен қызмет көрсету мерзімі туралы мәліметтер толық көрсетілген. Сондай-ақ, мекемеде «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» жабдықталып, онда «E.gov.kz» электрондық үкімет веб-порталына кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Мекемеде қызметтер көрсетуге жауапты маман бекітілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі біріңғай байланыс орталығы телефон нөмірі – «1414».

Жоғарыда аталған қызметтерді алу үшін Тасбөгет кенті әкімінің аппаратына өтініш білдіруге болады. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, З.Шүкіров көшесі №11. Сенім телефоны: 21-58-49.

Учаскелік полиция инспекторының ауылдағы жұмысы

Қызметі мен антына адал қасиетті Сыр елінің тәртіп сақшысы ерекше құрметке ие. Бұлай деуге себеп Қызылорда облысы ПД Арал ауданы полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Ғалымжан Ізмағанбетов қызмет атқаратын Қаратерең және Жаңақұрылыс ауылында 5 жылдан бері бірде бір қылмыс тіркелмеген. Бұған азаматтардың тату-тәтті қатынаста болуы және учаскелік полиция инспекторының қолға алған профилактикалық шаралары негіз деуге болады.

Өзгелерге үлгі көрсеткен бұл екі ауылда 3470 адам тұрады. 9 шаруа қожалығы бар. Ауыл балалары тағылымы мол 2 білім ошағында оқиды. Ауыл тұрғындарының көбі мал ұстайды. Учаскелік инспектор Ғалымжанның айтуынша бұл ауылда қоғамдық тәртіп күн сайын профилактикалық жұмыстар арқылы күшейтіледі. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы негізгі буын учаскелік полиция инспекторларына берілген. Бұл ретте ішкі істер органдарының «отымен кіріп, күлімен шығып» жүрген учаскелік полицей Ғалымжанның жұмысы қауырт. Халықтың қайнаған тіршілігінің ортасында жүрген тәртіп сақшысы халыққа жақын болудың маңызын түсініп, әрбір тұрғынға көмек қолын созуға тырысады.

Учаскелік инспектор болғандықтан, ол бірінші кезекте ауыл тұрғындарымен және ақсақалдармен, жергілікті мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен өзара байланыс орнатқан. Ғалымжан Жомартұлының жұртшылық алдында жауапкершілігі мол жұмысын бастағанына 6 жыл болды. 2012 жылдан бастап ол ішкі істер саласында абыройлы қызмет етіп келеді.

Бүгінде учаскелік полиция инспекторы өзіне берілген аумақтағы қандай да болсын құқық бұзушылыққа жол бермеу, оның алдын алу, қылмыстың бетін ашу, түскен арыз-шағымдар сияқты көптеген міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Осы саладағы қызметі әділ бағаланып, Қызылорда облыстық Полиция департаментінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Ғалымжан адал жары Гүлнұр екеуі екі ұл бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

Түсіндірме жұмыстары жүруде

Құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау, қоғамдағы келеңсіз жайттардан сақтану, ішкі тәртіп талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Жалағаш ауданы полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Ж.Абдуайтов Ақсу ауылы №116 орта мектептің оқушыларының ата-аналарына және мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасындағы мәселелерге кеңінен тоқталып, заң талаптары кеңінен түсіндіріліп, орын алып жатқан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстық іс-әрекеттердің алдын-алу жолдарын таныстырып, құқық бұзған жасөспірімдерге қолданылатын шаралар және жазалар жайлы мағұлмат берді.

Шарада жастар арасында әлімжеттік пен құқық бұзушылықтын алдын алу, «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу», білім алушылар арасында жаман әдетке үйір болмау, түнгі рейдтер туралы, ішкі тәртіпке бой ұсыну, темекі, ішімдік заттарынан аулақ болу, бір-біріне үстемдік жасамау сияқты жаман әдеттердің алдын-алу тақырыбында әңгіме өрбіді. Әсіресе, бопсалау сынды теріс әрекеттерге барудың аяғы жақсылыққа апармайтындығы баса айтылды. Жамандыққа бармаудың жолы бос уақытты тиімді пайдалану екенін түсіндірді.

Сонымен қатар, «Құқық бұзушылыққа, қылмысқа және кәмелетке толмағанға қарсы жасалған қылмысқа жол бермеу, интернет қауіпсіздігі мен кибербуллинг, лудомания, нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында еркін формата түсіндіру жұмысын жүргізді.

Шараның басты мақсаты – жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау болып табылады. Кездесу соңында аталған мәселелер бойынша оқушылар сала мамандарына қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға нақты жауаптар алды.

ҚЫЗЫЛОРДАДА 15 «SOS» ДАБЫЛ БАТЫРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда қаласы аумағындағы құқық бұзушылықтар мен орын алған қылмыстардың алдын-алу және шұғыл әрекет ету мақсатында азаматтарға арналған сервис – «102» арнасы «102» мобильді қосымшасы жұмыс атқаруда.

Алайда, қазіргі таңда азаматтар көп шоғырланатын орындарда «102» «SOS» дабыл батырмасының 15 құрылғысы орнатылып, Қызылорда қалалық полиция басқармасының қазіргі заманғы және заманауи техникамен толыққан. Мұнда «SOS» түймесін басу арқылы тәулік бойы жедел басқару орталығына видео арқылы қоңыраулар келіп түседі. Құрылғылардың орналасуы бейнебақылаумен жабдықталған, қиын жағдайда бұл кезекші бөлімнің қызметкеріне жағдайды өз бетінше бағалауға мүмкіндік береді. Құрылғы жерден бір метр биіктікте орналасқан. Оларды тіпті балалар да қолдана алады. Атап айтсақ, Желтоқсан көшесі бойындағы орталық алаң «Аманат» партиясы ғимаратының жаны, Жахаев пен Әбілхайырхан көшелері қиылысындағы

«Студенттер сарайы» ғимараты, Абай даңғылы «Универсам» сауда үйі, Мұратбаев пен Бұқарбай батыр көшелері қиылысында ескерткіш жаны, Қорқыт ата мен Өсербаев көшелерінде, Сол жағалау мөлтек ауданы «Жастар орталығы», «Темір жол Вокзалы», Н.Назарбаев даңғылы «Арай сити молл» ойын – сауық сауда орталығының ғимараты, Журба көшесі бойында орналасқан «Сырдария» сауда үйінің ғимараты, Тасбөгет кентіндегі «Орталық алаң», Толыбеков көшесі бойындағы «Тағзым алаңы», Қорқыт ата мен Пушкин көшелері қиылысындағы «Жаңа базар», Хон Бен До көшесінің бойындағы «Океан» сауда орталығының жаны, Хон Бен До көшесінің бойындағы «Рүстем» сауда орталығының жаны, Қорқыт ата көшесі №55 үйдің жанында орналасқан.

Осы ретте полиция қызметкерлері қала тұрғындарынан егер өзінің немесе өзгенің қауіпсіздігіне, өміріне қауіп төніп тұр деп ойласа, мас адамның рөлге отырғанын көрсе, зорлық-зомбылықтың куәсі болса, күдікті адамды байқаса дереу хабар беруін сұрайды.

ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТУДЕ

Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлері облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы қызметкерлерімен бірлесіп, «Уылдырық-2024» атты жедел-профилактикалық іс-шарасын жүргізуде. Іс-шараның 22 күнінде балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзудың 29 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды.

Уылдырық шашу кезінде балық аулауға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 383-бабына сәйкес қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ балық аулау қағидаларын бұзу дерегі бойынша – жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын ескертеміз.

БАС ПОЛИЦЕЙ ТОҚСАНДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Қызылорда облысының полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Махсудхан Аблазимов жедел кеңес өткізіп, 2024 жылдың I тоқсанын қорытындылады. Жиынға департамент бастығының орынбасарлары, басқарма, қала, аудан басшылары және жеке құрам қатысты.

Жиында жыл басынан ішкі істер органдары атқарған жұмыстың қорытындылары қаралды. Атқарылған жұмыс нәтижесінде құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстар, ауыр санаттағы қылмыс түрлері, бөтен мүлікті ұрлау, ұялы телефон ұрлығының және мал ұрлығының тіркелуі төмендеді. Қабылданған профилактикалық шаралардың нәтижесінде қоғамдық орындарда, көшелерде, отбасы-тұрмыстық саласында жасалған қылмыстардың саны азайды. Департамент бастығының тоқтағалығымен өткен кеңесте атқарылған жедел – қызметтік жұмыстың қорытындысы мен жеке құрам арасындағы тәртіптің, заңдылықтың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылдың жай – күйі талқыланды. Сондай – ақ, Мемлекет басшысы мен ішкі істер министрінің қылмысқа қарсы күрес бойынша берілген тапсырмалары да кеңінен түсіндірілді. Жедел кеңес барысында біраз сын айтылып, түйткілді мәселелер тілге тиек етілді.

– Жеке құрам арасындағы заңдылық пен тәртіпті сақтау, сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын алу, анықтау жұмыстары ерекше назарда. Күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлықтың туындауына ықпал ететін себептерді анықтау және жою үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасауға баса назар аударылып отыр. Қазіргі қазақстандық полицияның өзекті міндеті қолжетімділік пен ашықтықты арттырып, тұрғындармен кері байланыс орнату. Өз кезегінде, полицияның ашықтығы сыбайлас жемқорлықпен күресте негізгі қағидаттардың бірі болып отыр. Жеке құрам арасында тәртіп пен заң бұзушылықтардың алдын алу және кінәлі қызметкерді түзелуге мүмкіндігін арттыру мақсатында офицерлер мен полицейлер кеңестерінің жұмыстары күшейтілді. Ең бастысы қабылданған шаралардың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстарға жол берілген жоқ, – деді департамент бастығы.

Кеңес барысында Махсудхан Нұғманұлы «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру, кез келген құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарға жіті тоқталды. Оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, жол қауіпсіздігі, есірткі қылмысы, экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмыстары, алаяқтық, киберқылмысқа қарсы күрес бағытындағы шараларына тоқталды. Жалпы қазіргі уақытта жол қауіпсіздігі өзекті мәселелердің бірі. Талдау көрсеткендей, көлік оқиғаларының басты себебі жылдамдықты арттыру, қарсы бағытқа шығу, автокөлікті мас күйде басқару. Полиция департаментімен жол – көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында оңды шаралар қолға алынып отыр.

Өңірімізде жыл басынан жол қозғалысын бұзудың 62 мыңнан астам дерегі анықталып, автокөлікті мас күйде басқарған 150-ге жуық жүргізуші ұсталып, көлік құралын жүргізу құқығынан айырылды. Жол-көлік оқиғасының алдын алу мақсатында күнделікті талдаумен осал жерлер нарядпен тығыздалды. Тұрақты және үздіксіз жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, жүргізілуде. Осы ретте Департамент бастығы тиісті қызмет басшыларына жол – көлік оқиғаларының алдын алу шараларын күшейтуді тапсырды.

– Мемлекет басшысы «Заң және Тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету жөнінде бірқатар нақты тапсырмалар берді. Қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Сондықтан да халыққа адал қызмет ету, азаматтардың өтініштеріне уақтылы және сапалы жауап беру, құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, олардың заңды мүдделерін қорғау және құқықтық тәртіпті сақтауға біз міндеттіміз. Ел тыныштығын қамтамасыз ету бағытында жаңа мақсаттар мен оң нәтижелерге қол жеткізу жолдарын бірлесе қарастыруымыз керек, – деді М.Аблазимов.

Кеңес қорытындысы бойынша департамент бастығы Махсудхан Аблазимов жедел-қызметтік жұмыстарды қорытындылап, алдағы уақытта бұл жұмыстардың тиімділігін арттыру бойынша нақты шараларды белгіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршаға ортақ іс

Бүгінде ел бойынша сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Жемқорлыққа қарсы стретегияның басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатта қаламыздағы музыкалық колледж ұжымымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуге «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңесінің төрағасы М.Нәлібаев, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы Ж.Қозбағарова, «Әділдік жолы» РҚБ-нің Қызылорда облыстық филиалының басшысы Л.Бақтыбаева қатысты.

Осы сыбайлас жемқорлықта құқық бұзушылықтар көбіне – көп азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдарынан болып жатады.

Осыған байланысты ұжым арасында кең ауқымды түсіндіру жұмыстары, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы орынды.

Осы тұста ұжымға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары мен сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, құқықтық сауаттылықты арттыру туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, өз ойларымен бөлісті. Қатысушылар назарына арнайы бейнеролик көрсетілді.

МҮГЕДЕК БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Моральдық зиян – жәбірленушіге келтірілген жан азабы мен тән азабы. Егер азамат құқықтары бұзылды деп есептеген жағдайда, моральдық зиян өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқығы бар. Моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде, құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы мен өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі. Қызылорда қаласының тұрғыны К. есімді әйелдің 13 жасар ұлы бала кезінен екінші топтың мүгедегі.

Өткен жылдың жаз айында подъезге шыққан баланы азаматша А. белгісіз себептермен ұрып-соғып, денсаулығына зиян келтірген. Осы әрекеті үшін әйел сот қаулысымен кінәлі деп танылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сараптама қорытындысына сәйкес, осы оқиғадан мүгедек баланың мойын аймағы жұмсақ тіндерінің соғылғаны, білек, тізе аймағының сыдырылғаны анықталған. Баланың анасы осы оқиға орын алғаннан бері бала үйден шығуға қорқып қалғанын айтып, әйелдің кешірім сұрамағанын және қандай да бір көмек бермегенін, баласын уайымдағаннан жан азабын тарқанын көрсетіп, Қызылорда қалалық сотына жүгініп, моральдық зиян өндіріп беруді сұраған. Сот шешімен моралдық зиян өндіру жөніндегі талап қоюы ішінара қанағаттандырылып, мүгедек баланың құқығы қорғалды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

МЕКТЕПАЛДЫ ТОП/СЫНЫПТАРДАҒЫ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫҢ РӨЛІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда пәндік-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру әр баланың даралығын, оның бейімділігін, қызығушылығын, белсенділік деңгейін тиімді дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп құрылады. Дамытушы пәндік-кеңістіктік орта әр бүлдіршіннің сүйікті ісімен еркін айналысуға мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастырылады.

Заттық-кеңістіктік даму ортасына қойылатын талаптар:

Ұйымның (топтың) дамытушы заттық-кеңістіктік ортасы мазмұнды-қаныққан, трансформацияланатын, көпфункционалды, өзгермелі, қолжетімді және қауіпсіз болуы тиіс:

1) Қоршаған ортаның қанықтылығы балалардың жас ерекшеліктеріне және бағдарламаның мазмұнына сәйкес келуі керек.

2) Кеңістіктің өзгергіштігі білім беру жағдайына, оның ішінде балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің өзгеруіне байланысты пәндік-кеңістіктік ортаның өзгеру мүмкіндігін болжайды.

3) Материалдардың көп функционалдығы мыналарды қамтиды:пәндік ортаның әртүрлі компоненттерін, мысалы, балалар жиһазын, төсеніштерді, жұмсақ модульдерді, экрандарды және т.б. әртүрлі пайдалану мүмкіндігі;ұйымда (топта) көпфункционалды (пайдаланудың қатаң бекітілген тәсілі жоқ) заттардың, оның ішінде балалар белсенділігінің әртүрлі түрлерінде (оның ішінде балалар ойынында алмастырушы заттар ретінде) пайдалануға жарамды табиғи материалдардың болуы. Жоспарланған пәндік-кеңістіктік даму ортасы қарым-қатынас жасауға, балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекетіне, қозғалыс белсенділігі мен оқшауланууына мүмкіндік береді. Балалардың қызығушылығына және олардың мүмкіндіктеріне байланысты қоршаған әлемді белсенді тану үшін кеңістіктің қолжетімділігін, өзгергіштігін, қауіпсіздігін, өзгергіштігін көздейді.

5 жаста келесі сапалық өзгерістер орын алады: сенсорлық стандарттарды қабылдау айтарлықтай жақсарады, балалар заттардың маңызды қасиеттерін сәтті абстракциялай бастайды. Пәндер арасындағы қарапайым байланыстар мен қатынастарды орнату мүмкіндігі пайда болады, қоршаған әлемге деген қызығушылық, бұрыннан бар білімді жалпылау, жүйелеу, тереңдету және нақтылау қажеттілігі оянады. Осылайша, дамып келе жатқан пәндік-кеңістіктік орта, баланың маңызды танымдық дағдыларының барлық спектрін, атап айтқанда, оның кеңістікте, уақытта, символдық жүйелерде шарлау, оның жоғары психикалық функцияларын, ойлауын, сөйлеуін дамыту, проблемалық есептерді шешуге және ақпаратқа бағдарлауға үйрету, эксперимент жасай білу, талдау, шешімдер табу, өз көзқарасын айту, айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауын жан-жақты қамтиды.

Гаухар ТАЛАСБАЕВА,
«Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша филиалының аға оқытушысы

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС-ТЕГІ МӘРТЕБЕСІ БОЙЫНША ТОП-10 СҰРАҚ

Пайдаланбаған ақшаны қайтаруға бола ма, неге МӘМС жүйесі жинақтаушы емес, жеке клиникада МӘМС есебінен қалай емделуге болады? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазақстандықтардың жиі қоятын сұрақтарына жауап берді.

-Мен «жұмыс істемейтін жүкті әйелдер» жеңілдік санатына кіремін, бірақ тіркелген жеке кәсібім бар. Жеңілдік санатына кіретіндер жарна төлеуден босатылады деп естідім. Жеке кәсібім үшін жүргізілген төлемдерді қайтарып ала аламын ба?

-«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңға сәйкес, жұмыс істемейтін тұлғалар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Егер жүкті әйел еш жерде жұмыс істемесе, алайда ЖК ретінде тіркелген болса (оның қызметі ресми тоқтатылмаған болса), барлық тиісті төлемдерді (зейнетақы, әлеуметтік, кіріс салығы) жүргізіп отырғандықтан, жұмыс істейтіндер қатарына кіреді. Яғни жеңілдік санатынан шығып қалады. Сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін жеке кәсібі үшін МӘМС жарналарын төлеу қажет.

-Егер МӘМС есебінен медициналық қызметтерді алмасам, пайдаланбаған ақшаны қайтарып ала аламын ба?

-МӘМС-ке енгізген төлемдерді қайтаруға немесе оларды басқа адамға беруге болмайды, себебі жүйе қаражатты дербес бөлуді қарастырмайды. Барлық жарналар мен аударымдар Ұлттық банктегі шотта жинақталады және ол жерден барлық сақтандырылған тұтынушылардың медициналық қызметтерін төлеуге бағытталады.

-Мен жұмыс істемейтін болсам мәртебені қалай аламын?

-Сізде екі таңдау бар. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде жарна төлеуіңізге болады. Екіншісі – жұмыспен қамту орталығына хабарласып, жұмыссыз ретінде тіркеле аласыз. Бұл жағдайда сіз жеңілдік санатына кіресіз және сіз үшін жарналарды мемлекет төлейді.

-Жеке клиникада МӘМС бойынша тексерілуден өтуге бола ма?

-Медициналық көрсеткіштер болған жағдайда Қормен шартқа отырған жеке клиникаларда консультациялық-диагностикалық қызметтерді алуға болады. Ол үшін өз емханаңыздан жолдама қажет. Медициналық қызмет көрсетушілердің тізімімен Қор сайтына кіріп, «МӘМС-гид», ары қарай «Пациенттер үшін», содан кейін «Клиниканы таңдау» батырмасын басу арқылы танысуға болады (https://fms.kz/osms-guide/patient/vybrat-kliniku/).

-МӘМС үшін қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады?

- Қате рәсімделген (мысалы, басқа кезең көрсетілген) төлемдерді қайтару үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ-та белгіленген нысан бойынша өтініш жазу қажет және төлемді растайтын құжаттарды қоса ұсыну қажет (нысан fms.kz сайтында «ОСМС-гид» бөлімінде жарияланған). Өтінішті https://eotinish.kz/ электронды платформасы арқылы беруге болады.

-МӘМС-ке қате төленген соманы басқа кезеңдерге қайта бөлуге бола ма?

-МӘМС-ке төленген төлемдерді басқа кезеңдерге қайта бөлуге болмайды, тек кері қайтара аласыз. Кейін керек кезең үшін төлем жасауға болады.

-Мен студентпін, МӘМС-ке төлем жасауым қажет пе?

-Күндізгі оқу бөлімінің студенттері МӘМС-ке жарна төлемейді, себебі жеңілдік санатына кіреді. Сондай-ақ жұмыс берушілер күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер үшін МӘМС-ке аударымдар жасаудан босатылған.

-Мұғалімнің шаруа қожалығы болса, МӘМС-ке төлемді қалай жүргізеді?

-Салық заңнамасына сәйкес шаруа қожалығы қандай да бір басқа нысанда рәсімделмеген болса, ол ЖК ретінде қарастырылады. Егер ЖК қызметін тоқтатпаған болса, ол өзі үшін 1,4 ЕТЖ-ның 5 % төлейді. Осы ретте негізгі жұмысында да жарналар төлеп, мұғалім қызметкері үшін аударымдар жасауы керек. Яғни барлық кіріс көздерінен төлем жүргізіледі.

-Мен мерзімдік қызметімді өтеп жатқан сарбазбын, жарна төлемеймін, бірақ сақтандырылғанмын. Менің сақтандырылған мәртебем қанша уақытқа сақталады?

-Сіз мерзімдік қызметіңізді атқарып жатқан уақытта жарна төлеуден босатыласыз. Әскердегі қызметіңіз аяқталған соң сізге сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін МӘМС-ке тұрақты түрде жарна төлеу қажет.

-Мен жеке компанияда жұмыс істеймін және жалақыны орындалған жұмыс көлеміне қарай аламын. Егер салық салынатын кіріс шегі көтерілетін болса МӘМС-ке жарналарды арттыру туралы ереже кімдерге әсер етпек?

-Қарастырылып жатқан түзетулерде МӘМС-ке аударымдарды есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кірістің жоғарғы шегін 2025 жылдан бастап 10 ЕТЖ-дан 50 ЕТЖ-ға дейін өсіру туралы сөз болуда. Алдын ала жасалған талдау көрсеткендей, бұл өзгерістер ай сайынғы табысы 10 ЕТЖ (биыл 850 мың теңге) асатын жалдамалы қызметкерлерге ғана әсер етеді. Яғни, егер сіздің жалақыңыз кейде 850 мың теңгеден асатын болса, онда сіз нақты табыстың 2% төлейсіз.

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyrýBot
- 1414 байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы
- Halyk мобильді қосымшасы
- BCC.KZ мобильді қосымшасы
- Kaspi.kz мобильді қосымшасы
- egov.kz электрондық үкімет сайты – «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

Шеген бағана авариясы

Шеген бағананың бекіту кезінде төменде көрсетілген авария түрлері болады: шеген бағананың сіресіп қалуы, бөлек құбырдың және бір бөлігінің ұңғымаға түсіп кетуі, шеген бағана құбырының күйреуі, шеген бағананың бұрандалық қосындысының бұзылуы. Көрсетілген авариялардың бірінші түрі ұңғыманың дұрыс дайындалмау салдарынан болады, ұңғыманың қисықтығы мен азимутының тез өзгеруінен, шеген бағананың түсіру жоспарының толық ойластырылмағанынан немесе дұрыс орындалмағанынан орын алады.

Шеген бағананың сіресіп қалуының басқа себептері бұрғылау құбырының себептеріне сай келеді. Шеген бағананың ұңғымаға түсіп кетуі, көтеріп түсіру құралдары мен құрылғы ақаулығынан, есептік мәліметтерін елемеушілігінен, шеген бағананы роторға тез отырғызуынан (түсіру кезінде), муфтаның құбырмен толықтай немесе сапасыз ұстатуынан, қысқыштың бұзылуынан және т.б. себептерінен болады.

Шеген бағананың қайтару клапаны арқылы түсіру кезіндегі құбырлардың күйреуі, үлкен жылдамдықпен түсіру кезінде және жуу сұйықтығының уақытылы құйылып тұрмағандығынан болады. Бұрандалық қосындының бұзылуы, бұранданың шешіліп кетуінен немесе құбыр мен муфта бұрандасының дұрыс жалғанбау салдарынан болады. Бірінші себебі, негізі бұрғылау бригадасының, ал екінші себебі құбыр өндірушінің кесірінен болады. Кейде муфта мен құбырдың жалғануы кезінде құбырдың деформациялану салдарынан тұрады. Цементтелген бағананы қолдануда күйреу, үзіліп кету және шеген құбырдың майысуы, құбыр бойының қажалуы және басқа авария түрлері орын алады. Көптеген жағдайда цементтелген шеген бағананың майысуы цементтелген сақинасынан жоғары тұрған жер жынысының құлауынан, яғни жанама қысымының нормадан тыс асқан жағдайда орын алады. Сонымен қатар шеген бағананың цементтелген жерінен жоғарғы шетінің майысуы сұйықтықтың деңгейі қажетті деңгейінен төмен түсіп кеткен жағдайда болады. Шеген бағананың цементтелген орында майысуы фильтр аумағында және осыған қатысты араларында орын алады.

Шеген бағанаға аса жүктелген жағдайда бағананың төменгі жағы майысады, ал күрделі қауіпі бар каверна аралығында немесе ұңғыма кеңейіп кеткен жағдайда бағана ішке майысуы ықтимал. Ұңғыма тереңдетілген сайын бағананың майысқан аралығында құбырдың жиі ажырап кетуі мүмкін. Бағана хомутпен қатайтылып (бағана басының орнына), құбыр бөлшектерімен немесе тізбекті байланыстармен дәнекерленіп, соңынан кесілетін жағдайда, бағана отырып, беріктігін жоғалтады. Құбыр мен муфтаны техникалық шартқа сәйкес 38ХНМ және 3622С маркалы легирленген болатпен дәнекерлеу жұмыстарын дұрыс жүргізбеген жағдайда, дәнекерленген жері ажырап кетуі ықтимал.

Е.Т. БАЙДУЙСЕНОВ,
ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі магистральдық құбырларды және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

АИТВ ЖҰҚТЫРҒАНДАРДА ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АИТВ инфекциясы жиі таралатын региондарда туберкулез АИТВ жұқтырғандар-да жиі кездесетін оппортунистік аурулар қатарына еніп, олардың басты себебіне айналып отыр. Әлемде туберкулез ауруымен АИТВ жұқтырғандардың жылына 200000-ға жуығы қайтыс болады. Ең жиі кездесетін оппортунистік жұқпалар қатарына құрт ауруы, яғни туберкулез АИТВ жұқтырғандардан 45,8%-ында болса, АИТВ жұқтырғандардың 36%-ында өлім себебі болып табылады. АИТВ инфекциясы бұрын туберкулезбен ауырғандардың қайта-лап ауыруына әкеп соқтыруы мүмкін. АИТВ инфекциясымен ауыратындардың арасында туберкулездің көбеюі жалпы эпидемиогиялық және әлеуметтік көрсеткіштердің төмен-деуіне себепші болады, сондықтан АИТВ жұқтырғандардың арасында туберкулездің алдын-алудың және туберкулез ауруына шалдыққандарды АИТВ инфекциясына тексеру-дің маңызы зор. Дәрігерлер науқастар мен оның туыстарына АИТВ инфекциясы ұзақ және созылмалы жүретін жұқпа екендігін түсіндіріп, осы инфекцияның туберкулез және пневмоцисті пневмония сияқты асқынуларға апарып соқтыратынын және олардың алдын-алуға болатындығын түсіндіре білуі керек.

Өкпе туберкулезінің алдын-алу мақсатындағы жүргізілетін шаралар:

-ең алғашқы күннен бастап АИТВ жұқтырғандарда жөтел, ентігу, қақырық тастау сияқты шағымдарын анықтау;

-ана мнезінде бұрын отбасында және басқа да қарым-қатынасында туберкулезбен ауырғандардың бар-жоғын анықтау;

-басқа да созылмалы ауруларын тізіп, амбулаториялық картаға енгізу;

-барлық АИТВ жұқтырғандарды рентген сәулесімен өкпесін жылына 1 рет тексеру;

-14 жастан асқандарды жылына 2 рет флюорографиялық тексеру;

-қақырықты бактерио-скопиялық әдіспен тексеру;

-фтизиатр дәрігерінің кеңесіне жіберу;

-манту сынамасын өткізу;

-фтизиатрдің кеңесі бойынша химиопрофилактика тағайындау (изониозид 5мг/кг 6 ай мерзімге);

АИТВ мен туберкулез қосалқы инфекциясының ерекшеліктері:

-АИТВ жұқтырғандардың жартысында басқа инфекцияларға қарағанда туберкулез екі жыл бұрын пайда болады.

-Өте ауыр иммунодефецит кезінде ТБ АИТВ-жұқтырғандарда өкпенің төменгі бөлігінде орналасады, кеудеішілік лимфа бездерінің ұлғаюымен немесе туберкулезді плеврит, перикадит, орталық нерв жүйесі және басқа да органдар мен системалар процеске енуі мүмкін.

-АИТВ инфекциясының ерте сатысында бактериоскопия жиі «оң» нәтиже береді және өкпеде қуыстар пайда болады.

-АИТВ инфекциясының кеш сатысында бактериоскопия «теріс» нәтиже береді және өкпеде қуыстар сирек кездеседі.

АИТВ-инфекциясы фонында туберкулез диагнозын қоюдың күрделілігі:

-дене қызуының көтерілуі, түнгі терлеуі және салмақ жоғалту;

-симптомдары туберкулезге сипатты, бірақ туберкулездің патогномиялық симптом-дары емес;

-АИТВ жұқтырғандарда бұл симптомдар оппортунистік инфекциялар болмаған жағдайда да кездесе береді.

-мұндай симптомдар кездес-кен жағдайда, біз оппортунистік инфекцияны, оның ішінде бірінші кезекте туберкулезді іздеуіміз қажет. Дифферен-циалды дигностиканың бір қиындығы туберкулезге сипат-ты рентгенологиялық өзге-рістер (өкпедегі ойықты қуыстар болуы) басқада оппор-тунистік инфекцияларда кездеседі:пневмоцисті пневмония, өкпенің цитомегаловируспен зақымдалуы, пневмомикоз. АИТВ-инфекциясы фонында өкпеден тыс туберкулез болуы мүмкін.

АИТВ инфекциясымен өмір сүрушілерде өкпеден тыс туберкулездің жиі кездесетін түрлері:

-периферияльық кеудеішілік лимфа бездерінің қабынуы;

-плевриттер;

-перикадиттер;

-миллиарлы туберкулез;

А .МОЛДАБЕКОВА,
Шиелі ауданындағы филиалының инфекционист дәрігері

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтобе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтобе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджименті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №95

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/